

Тастанбекова Нурсауле Джаксимаевнаның 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 45-бабының 1 тармағында: «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу арқылы нығайтуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тартуға бағдарланған» деп көрсетілген.

Еліміздің индустриалды-инновациялық дамуының заманауи міндеттері дуальды оқытуды іске асыруда отандық жоғары білім беру жүйесінің жаңа моделін қалыптастыру және ол моделдің іске асуын жеделдету болып табылады. Жоғары оқу орындарында дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің теориялық-әдіснамалық, әдістемелік және педагогикалық негіздерін қалыптастыру кезек күттірмеймін мәселе.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, Н.Д.Тастанбекованың диссертациясының тақырыбы өзекті деп ойлаймын, өйткені қазіргі таңда еңбек нарығында жоғары білім беру мекемелерін бітіруші түлектердің бойына сіңірген білім, білік, дағдылар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарының арасындағы қарама қайшылық салдарынан жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектер арасында мамандық бойынша жұмысқа орналасушылар саны өте аз. Заманауи қоғамда кәсіби біліктілік мәртебесінің арта түскендігін бүгінгі қоғамдағы әрбір азаматтың түсіну қажеттілігі - болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің белгісі болып табылады. Жұмыс берушінің болашақ мамандарға қоятын басты талаптары кәсіптік білім, ұтқырлық, заманауи қондырғыларда жұмыс істеу білуі, мамандығына сәйкес кәсіби біліктіліктердің болуы және оны үнемі арттырып отыруға дайындығы. Бүгінгі таңда, дуальды оқыту теория мен тәжірибенің өзара кірігуі қағидасына негізделеді. Сондықтан, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіру терең зерттеуді қажет өзекті мәселе екендігі айқындалды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, мазмұны мен

әдістемесін ұсыну болып табылады. Диссертациялық жұмыс С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің базасында орындалды.

Диссертациялық жұмыста жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің теориялық негіздері талданып, аталған мәселені зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалған.

Автор жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындап, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін ұсынған.

Қойылған міндеттерді шешу барысында дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру әдістемесін негіздеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізу арқылы тексерген.

Докторант Н.Д.Тастанбекованың үлкен ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізгенін, ол "6M012000-Кәсіптік оқыту", "7M014 - Кәсіптік білім берудегі лидерлік" модульдік білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарына "Дуалдық оқытудың теориясы мен практикасы" таңдау компонентін еңгізіп, пәнді оқу әдістемелік кешенмен қамтамасыз етіп, оқу құралын әзірлегенін атап өткен жөн.

Докторант "Дуалдық оқытудың теориясы мен әдістемесі" оқу құралын университеттің ғылыми кеңесімен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарды және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынды.

Н.Д.Тастанбекова ЖОО білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру, жетілдіру бойынша ізденіс жұмыстарын тоқтатпақ емес, себебі, БЖҒ министрлігі тарапынан бұл өзекті мәселеге жоғары деңгейде көңіл аударып нақты қадамдар жасалуда. Бұл тұрғыдан алғанда тақырыпты зерттеу жұмысының түрленіп дуальды оқытудың жаңа бағыттарын зерделеу қажетілігі туындайтындығы заңдылық.

Н.Д.Тастанбекованың диссертациясы Тәуелсіз, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, сенімділік және практикалық құндылық, Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы бар деп санаймыз, нәтижелері эксперимент барысында тексеріліп, Кәсіптік оқыту мамандығының студенттері, магистранттары, докторанттары және ПОҚ қызығушылығын тудыруы мүмкін оқу әдістемелік кешен және оқу құралы түрінде жарияланды.

Жұмыс барысында алынған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі зерттеу әдіснамасымен, білім саласындағы өзгерістердің жай-күйі мен серпінін көрсететін қолданыстағы заңнамалық және

тұжырымдамалық құжаттар мен статистикалық деректерді пайдалану мен қамтамасыз етіледі.

Диссертациямен жұмыс жасау және диссертацияны қорғауға дайындау барысында Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевна өзін жауапты және еңбекқор адам, жаңа білімді алуға ұмтылатын күрделі ғылыми мәселелерді өз бетінше, жоғары кәсіби деңгейде шеше алатын маман ретінде көрсетті.

Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевнаның 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді, осы жұмысты 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

"С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ" КЕАК

Басқарма төрағасының академиялық

қызмет жөніндегі орынбасары – Ректор,

п.ғ.д., профессор, ҚПҒА академигі



А.М.Әбдіров

Ғалым хатшы

Г.Деріпсалдина

Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевнаның 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Қазіргі таңда, әрбір мемлекет әлемдік аренада өз беделін көтеру әрі өзгермелі жағдайларға дайын болу үшін мемлекеттік саясатта адами капиталға мән беруі өмір қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс.

Дамыған 30 елдің қатарына кіруге бағыт алған мемлекетіміздің өзін өзгелерге мойындатуы әрі ұлттық әлеуетін байқататын бірден-бір көрсеткіш – білім сапасы. Бүгінгі бәсекелестік дәуірінде білім алушыларды дамыған еліміздің саналы азаматы, білімді жеке тұлға етіп қалыптастыру және таңдаған мамандығы арқылы «өзін» жетілдіріп, кәсіби білікті маман болып қалыптасуына ықпал жасау жоғары оқу орындарының аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, отандық білім беру саласында жаңалық болып отырған оқыту жүйесі – дуальды білім беру.

Аталған мәселелінің өзектілігі қазіргі таңдағы жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаспауы және орналасқан күннің өзінде көптеген қиыншылықтарға тап болуымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, маман дайындаушы жоғары оқу орны мен сол маманды жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілердің арасындағы алшақтықты дуальды оқытуды енгізу арқылы жақындатуға болады. Осы тұрғыдан алғанда диссертанттың зерттеу тақырыбы өз өзектілі айқындала түседі.

Н.Д.Тастанбекова өзін диссертациялық зерттеуінде білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін нақты өндірісте дуальды оқыту жағдайында жетілдіруді ғылыми педагогикалық негіздерін зерделеді.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде автор ғылыми тағылымдама нәтижелерін бойынша Беларусь елінің жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі мамандарды практикалық дайындау тәжірибелеріне талдау жасалды. Жүргізілген талдаудың негізінде Беларусь елінде дуальды оқыту тікелей аталмағанмен, дуальды оқытудың элементтерін жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде енгізуге алғашқы қадамдар жасалып, іргелі зерттеулер жүргізіліп жатқандығына көз жеткізді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, мазмұны мен әдістемесін ұсыну болып табылады. Диссертациялық жұмыс С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің базасында орындалды.

Н.Д.Тастанбекова диссертациялық жұмыста жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби

біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын анықтап, аталған мәселені зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасады.

Н.Д.Тастанбекова жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін ұсына отырып, модельдің төрт компонентін айқындаған.

Қойылған міндеттерді шешу барысында дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру әдістемесін негіздеп, оның тиімділігін кәсіптік білім беру кафедрасында тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізу арқылы тексерді.

Автор Н.Д.Тастанбекова диссертациялық жұмысты орындау барысында үлкен ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізе отырып "6M012000-Кәсіптік оқыту", "7M014 - Кәсіптік білім берудегі лидерлік" модульдік білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарына "Дуалдық оқытудың теориясы мен практикасы" таңдау компонентін еңгізіп, пәннің оқу әдістемелік кешенін әзірледі.

Докторант "Дуалдық оқытудың теориясы мен әдістемесі" оқу құралын университеттің ғылыми кеңесімен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарды және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынды.

Н.Д.Тастанбекова жоғары білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту мәселесін және білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру, жетілдіру бойынша ізденіс жұмыстарын жалғастыруға мүдделі, оның себебін қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі тың реформалардың іске асырылуы, жоғары оқу орындарына дуальды оқытуды еңгізіп іске асыру қажеттілігі айқындап отыр.

Н.Д.Тастанбекованың диссертациясы Тәуелсіз, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, сенімділік және практикалық құндылық, Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы бар деп санаймыз, нәтижелері эксперимент барысында тексеріліп, «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттері, магистранттары, докторанттары және жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушы құрамының қызығушылығын тудыруы мүмкін, оқу әдістемелік кешен және оқу құралы түрінде жарияланды.

Жұмыс барысында алынған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі зерттеу әдіснамасымен, білім саласындағы өзгерістердің жай-күйі мен серпінін көрсететін қолданыстағы заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттар мен статистикалық деректерді пайдалану мен қамтамасыз етіледі.

Диссертациялық жұмысты орындау және диссертацияны қорғауға даярлауда Тастанбекова Нурсауле Джаксимаевна өзін ұқыпты, өте жауапты және еңбекқор адам, жаңа білімді игеруге деген ұмтылысы мен күрделі ғылыми сұрақтарды өз бетінше, жоғары кәсіби біліктілікпен шеше алатын маман ретінде танытты.

Тастанбекова Нурсауле Джаксимаевнаның 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту

жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді, осы жұмысты 6D012000 "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**"С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ" КЕАҚ
Кәсіптік білім беру кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к., доцент, ҚПҒА корр. мүшесі**

М.Д.Есекешова

Ғалым хатшы



Г.Деріпсалдина